Бұйрық №169 26.07.2018ж

«Ғимарат шатырын және ағаш құрылымдарын өртке қарсы ерітіндімен өңдеу қызметі» конкурсының конкурстық комиссиясын құру туралы

«Мемлекеттік сатып алу туралы » Қазақстан Республикасының 2015 жылы 04 желтоқсандағы № 434-V Заңына және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 Бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүргізу Ережесінің» 46 тармағының 4-тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. «Ғимарат шатырын және ағаш құрылымдарын өртке қарсы ерітіндімен өңдеу қызметі» конкурсының конкурстық комиссиясы төмендегі құрамда қайта құрылсын: (бұдан әрі – конкурстық комиссия):

Умбеталиев Саят Ерсайынович - «Райымбек ауданының білім бөлімі » мемлекеттік мекемесінің басшысы м.у.а., комиссия төрағасы;

Конкурстық комиссияның мүшелері:

Тукмулдаева Гаухар Багашаровна - «Райымбек ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің заңгері;

Бекмуханбетова Айкумис Нурсериковна - «Райымбек ауданының білім бөлімі » мемлекеттік мекемесінің бас маманы;

2. Конкурстық комиссияның хатшысы болып мемлекеттік сатып алу жөнінде есепші – мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының уәкілетті өкілі Жақсыбаева Гүлім Ескермесқызы тағайындалсын.

3. Мемлекеттік сатып алу жөнінде есепші - «Ғимарат шатырын және ағаш құрылымдарын өртке қарсы ерітіндімен өңдеу қызметіне» әлеуетті өнім берушілер конкурсының өтінімін даярлау және конкурсқа қатысу үшін қажетті конкурстық құжаттаманы даярлау, бекітуге ұсыну тапсырылсын.

4. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жасауды өзіме қалдырамын.

Бөлім басшысы м.у.а **С.Умбеталиев**